

ӘОЖ 316.77

МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ДАМУ ҮРДІСІ

Абиев Еркебулан Муратович

E-mail: abiev_erkebulan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Габдулина Б.А.

Медиация мәселесі қалықаралық аренада өзіндік даму үрдістерін бастан кешіргендігі анық. Мәселен, медиацияның алғашқы нормативтік атаулары 2003 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясында халықаралық және ішкі мемлекеттегі соттан бөлек тәжірибиелік бітімгершілік балама үдеріс екенін атап айтқан болатын. Сонымен қатар, 2012 жылы БҰҰ делдалдық қызметінің негізгі тиімді тетіктері көрсетіліп, оның қоғамдық қатынастарды реттеудегі маңыздылығы анықталды.

Қазақстан Республикасы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші құралдардың қалыптасуы және даму тарихы еліміздің нық қадамдарымен бірегей ұласып жатқандығына көз жеткізе отырып, соңғы жылдары қоғамдық қатынастардың дамуына, оны жаңа деңгейге көтерілуне мемлекет тарапынан көптеген саяси әрекет етуші жұмыстар жүргізілуін көруге болады.

Қазақстан Республикасындағы «медиация» институтының негізгі қызмет бағдарын анықтаушы:

1. Қазақстан Республикасының медиация үдерісі мен өткізілу тәртібін, сондай-ақ медиаторлардың құзыретін айқындауды ұйымдастыру аясындағы қоғам арасындағы қатынастарды реттейтін «медиация» туралы 2011 жылдың 28 қаңтарда қабылданған заң болып табылады;

2. «Медиация» мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевпен бекітілген 2011 жылдың 28 қаңтарындағы қабылданған нормативтік толықтырушы құжат;

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 13 шілдесіндегі «Азаматтық іс жүргізу кодексінің» кейбір бөлімдеріндегі ескертпелер және толықтырулар;

Соның бірі ретінде 2011 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының «медиация туралы» заңының қабылдануы, толерантты қоғам орнатудағы үлкен бастамасы болып табылады. Бұл заңда Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиаторлардың жұмыс әрекетін көрсету өлшемдері бекітілген. Соған байланысты, замануи қоғамның талаптарына сай бастау алған «медиация» ұғымының жаңашыл трендтегі анықтамаларының пайда болуы – уақыт талабы. Мәселен, «медиация» ұғымы қоғамдық қатынастарын реттеуші үшінші тарап болса, қазіргі жаңашыл уақытта толеранттылықты орнатушы «көпір» іспетті. Яғни, «медиация» біздің еліміз үшін, «мемлекет пен қоғам» арасындағы түсініспеушілік мәселелерін реттеуші құралына айналуы біздің мемлекеттік саясатымыздың дұрыс бағытын айқындап, демократиялы қоғамға бағдар болып саналады.

Медиация мәселесін толығымен анықтау үшін оның қалыптасқан түсініктеріне назар аудару қажеттілік. Шет елдік ғылыми еңбектерде медиацияның негізгі екі түрлі бағытын көрсетеді: ол концептуалды және сипаттаушы бағыттар болып бөлінеді.

Концептуалды бағыт бойынша - ол негізгі қағидаларға сүйене отырып, мақсаттары мен делдалдардың қатысуы арқылы дауларды реттеудегі негізгі мәні арқылы айқындауды ұсынады. Концептуалды бағыт анықтамасы теориялық және жеке бастың мінез-құлықтары медиацияның моделін түсінуге мүмкіндік береді.

Сипаттаушы бағыт - медиацияның нақтылы түрі мен негізгі моделін анықтауға ықпалдасады.

Сонымен, медиация бұл – тараптар арасындағы дауларды шешудегі құпия рәсімі болып табылады. Оның негізгі мақсаты - тараптар арасында қолайлы шешімге келу.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өзінің халыққа үндеулерінде медиацияны жоғары әлеуметтік көмек болып қана қоймай, медиация оның ең тиімді институттарының бірі екенін дәлелдеген болатын.

Медиатор қызметі «кәсіби» және «кәсіби емес» үлгіде атқарылады. Оның негізгі талаптары: жоғары білімі, 25 жасқа толған, Қазақстан Республикасы медиаторлар ассоциясынан арнайы оқығандығын көрсететін құжатты алған азаматтар кәсіби медиатор статусына ие болып арнайы рұқсат алады.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес «медиация» - тараптар арасындағы қақтығыстарды шешуші, әрі уақыт үнемдеуші институт, мәселен:

1. Медиация тараптар арасындағы қақтығыстарды реттеуде уақыт, эмоционалды ресурстарды сақтауға көмектеседі әрі реттейді;
2. Медиация процесінің ұйымдастырулы өздігінен белгіленеді, жүйесі құралады;
3. Медиация қақтығыс жағдайында тараптардың дұрыс және бұрыс жақтарын құрылымдық негізде шешеді;
4. Процес барысында шығындар медиатормен келісу арқылы жүзеге асады (қаражат, эмоционалды шығын т.б.);
5. Медиация процесі құпия түрде жүргізіледі;
6. Медиация процесі кезінде тараптардың еркін көзқарастарына мүмкіндік береді;
7. Медиация арқылы шешімін тапқан процестер – аргументтелген әрі берік болады;

Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының 14-бабына сүйенетін болсақ - кәсіби медиаторлардың тізімі және бекітілу тәртібі: www.mediation.kz сайтында қазақ және орыс тілдерінде жарияланып, сондай-ақ қазіргі таңда «медиатор хабаршысы» меншікті басылымында жаңарып отырады. Қазіргі тізім бойынша Республикамызда кәсіби 78-дан астам медиаторлар даярланған. Атап айтатын болсақ, қоғамдық бірлестіктерде тіркелген 10 өкілі - Астана және Семей қалаларында, сондай-ақ Алматы, Ақтөбе қалаларында, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тіркеліп, арнайы тәртіпке сәйкес жұмысын жүргізуде.

Қазіргі таңда медиацияның негізгі бағыттары мен принциптерінің зерттелуі туралы біршама еңбектер жазылғанымен, қазіргі уақытта өзекті әрі зерттеуді қажет ететін тақырып болғанын толығымен анықтадық. Қазіргі кездегі еліміздің тәуелсіздік тарихында аталған мәселенің зерттелуі толық жолға қойылған жоқ. Атап айтсақ заңгер ғалымдардың тақырыптың практикалық тұсын ашқан еңбектерімен шектеліп отырылды. Осы орайда, қазіргі кезеңге ғалымдардың практикалық және теориялық еңбектеріне талдаулар жасай отырып, зерттелу деңгейінің хронологиялық сипатына негізделіп, саяси салыстырмалы талдау жасауға уақыт келді деп толық сеніммен айта аламыз. Қоғамның екпінді дамуы – қарым-қатынастардағы жаңашыл мәселелерді тудырғаны анық.

Мәселен, қоғамдық қатынастар арасындағы түсініспеушіліктердің жоғарғы типін – «конфликт» деп атау және оны реттеуші институт «медиация» болуы заманауи талап.

Н.М. Ахметованың «Медиация дауларды шешудің балама жолы ретінде» атты еңбегінде лат. «mediatio» - делдал» деген ұғымды алып келуі заманауи қоғамдағы «конфликт» мәселесіне жаңашыл көзқарас болып табылады [1, 237 б.]. Аталған кітапта

«медиацияның» заманауи принциптерді түсіндіріп, негізгі әдіс-тәсілдері көрсетілген болатын. Аталған еңбекте «предконфликт», «нақытылы конфликт», «конфликттен кейінгі жағдай» салдары туралы периодтық сипатама толығымен көрсетілген. «Конфликт» мәселесі қоғам дамуындағы өзіндік ұғым ретінде қалыптасуы, оны реттеуші институт «медиацияның» пайда болуы нақытылы айқындалды.

«Конфликт» мәселесі бойынша «теориялық» және «практикалық» жағынан шешу механизмерін анықтаған А.И. Шипилова и А.Я Анцупованың еңбектеріне жүгінуге болады:

1. Конфликтіге дейінгі жағдай – конфликтінің пайда болуы және оны бейбіт жолмен шешу үрдісі;
2. Инцидент, толерантты әрекет, конфликтінің аяқталуы;
3. Конфликт аяқталған кейін тараптар арасында қолайлы шешімге келу [2, 154-155 б.].

Медиацияның практикалық тұрғыдан іске асуы мен заңдық актілерінің қабылдануында мерзімді басылымның рөлі зор деп айта аламыз. Заңдар алдымен баспасөзде жарияланып, көпшілік талқысына ұсынылып отырылды. Атап айтсақ, 2011 жылдың 28 қаңтарында жарық көрген «Медиация туралы заң» (толықтырулар және өзгерістер бойынша 01.01.2016 г.) // ақпараттық жүйеде медиаторлардың келесідей анықтамасы беріледі: медиатор- ол «кәсіби» және «кәсіби» медиацияға жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы заңында медиацияны жүргізу қағидаттары мен рәсімдері анықталды, медиатордың және ұйымдардың мәртебесі және негізгі қызмет бағдары анықталды. Медиация – ол реттеудің құпия рәсімі медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дау (жанжал) өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында, тараптардың ерікті келісімі бойынша іске асырылуы болып табылады.

Сонымен қатар, отандық «медиация» ұғымының қарқынды дамуына үлес қосушы 2015 жылы жарық көрген Т. Дронзинаның «медиация» атты оқу-әдістемелік еңбегін қарыстыруға болады. Т. Дронзина аталған еңбекте «медиацияны» үш бөлікке бөлген: «конфликтілі талдау», «медиацияның жалпы сұрақтары», «арнайы медиация». Осы еңбекті жазудағы негізгі сілтемелер отандық және шет елдік медиацияны слатыстырумен ерекшеленді [3, 6 б.].

Жаңашыл трендке айналған «медиация» ұғымын талдау үшін М.В. Лабутианың «Медиация модельдері» атты зерттеулері үлкен маңыздылыққа ие. Ол медиацияның теориялық және құқықтық негіздері, даулар немесе қақтығыстарды шешудегі тәсілдерді айқындайды. Аталған еңбектің негізгі теориялық бөлімін бекіту үшін медиаторлардың азаматтық, отбасылық, этносаралық қатынастарды реттеудегі тәжірибесі көрсетілген. Сонымен қатар, М.В. Лабутина медиацияны қолдану мақсаттарына сәйкес түрлерін анықтады:

1. бағалау медиациясы - оның мақсаты-медиацияның (scoping mediation) даудың мәнін анықтау, қақтығыс шекарасын анықтау болып табылады;
2. қатығыстың реттеу медиациясы - (dispute settlement mediation) дауды реттеу және өзара тиімді келісімге қол жеткізу;
3. қақтығысты тоқтату медиациясы - (conflict containment mediation) мінез құлқы ережелерін әзірлеу, қақтығысты шешу;
4. келісім шарт медиациясы (transactional mediation) қақтығысты шешудегі келісімге кел;
5. саяси медиация (policy making mediation) қоғамдағы саяси қақтығыстарды шешу [4, 62-64 б.];

Сонымен қатар «медиацияның» заманауи ерекшелігін айқындаушы Н.П. Калашникованың «International Scientific and Practical Conference «WORLD SCIENCE» ғылыми журналында жарық көрген мақаласын атап айтуға болады. Аталған

мақалада қазіргі заманғы түсінікте медиация бұл даулы жағдайларды шешудің балама (соттан тыс) тәсілі бейтарап делдалдың (медиатордың) басшылығымен дауға қатысушылар арасындағы келіссөздерді. Медиация коммерциялық, саяси, әлеуметтік, еңбек, отбасылық-тұрмыстық, қылмыстық және басқа да дауларды шешу үшін пайдаланылады. Медиатор адвокат емес, судья емес, прокурор емес, полицей емес, делдал ретінде қақтығыстарды бейбіт (сотқа дейінгі) жолмен шешуге ықпал етеді. Бұл еңбекте, отандық медиация ұғымының даму үрдісіндегі жаңашыл бағыттарды қамтуын көрсетеді[5].

Қорытындылай келе, қазіргі медиация, қоғамдық қатынастарды реттеуші құралы ретінде танылып, өзіндік маңыздылыққа ие болды. Медиация жаңашыл ғылым ретінде қалыптасуы заманауи қоғам қажеттілігі. Сондықтан, осы саланың шет елдік ғылым үлгісінде саралап, Қазақстан ғылымына енгізу – заманауи қажеттілік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Н.М. Медиация дауларды шешудегі альтернативті әдіс ретінде. – Бішкек, Парус, 2008. – 115 б.
2. Анцупов А. Я., Шипилов А. И. Конфликтология. – М.:ЮНИТИ, 2000. -551 б.
3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы №401-IV «Медиация туралы» Заңы «Параграф» ақпараттық жүйесі, - 2016.
4. Дронзина Т. Медиация (оқу-әдістемелік құрал) / Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі, "қоғамдық пікір"зерттеу институты. - Астана, 2015. - 320 бет.
5. Лабутина М. В. Модели медиация // Самара мемлекеттік экономикалық университеті хабаршысы. – 2012. - № 7 (93) - 62-64 бб.